

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ АҒАМАРЛАРЫН ҚОРҒАУ АҒАМАРЫ
КОММЕРЦИАЛЫҚ ЕМЕС АҚШОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ СОЛТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ
ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ
20 26 ж. 5 маусым
ЖАРҒЫҒЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛДІ
БСН 6912-400-6745
2021 ж. 10 ноябрь

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2026 жылғы
«19» ақпандағы №38
қаулысына қосымша



Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2021 жылғы
«09» тамыздағы
№ 163 қаулысымен бекітілді

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Көп бейінді қалалық жедел медициналық жәрдем ауруханасы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Көп бейінді қалалық жедел медициналық жәрдем ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

2. Кәсіпорын Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімінің 1999 жылғы 09 ақпандағы № 2518 шешіміне сәйкес құрылды.

3. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) Кәсіпорынның құрылтайшысы және Кәсіпорынға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып табылады.

4. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады, тиісті сала уәкілетті органының айрықша құзыретіне заңнамамен жатқызылған мәселелердің шешімін қоспағанда, Кәсіпорынның қызметіне жалпы басшылықты байқау кеңесі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Көп бейінді қалалық жедел медициналық жәрдем ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная городская больница скорой медицинской помощи» коммунального государственного учреждения «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области»

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: 150009 Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Тауфик Мухамед-Рахимов атындағы көше 27.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

7. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып мемлекеттік заңды тұлғаның құқығына ие болады.

8. Кәсіпорын заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөртабаны және мөрі болады.

9. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге

жетатын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

10. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында өндірістік - шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және ақылы медициналық қызметтер аясында халыққа білікті, мамандандырылған, жоғары мамандандырылған медициналық көмекті қамтамасыз ететін көп бейінді емдеу-профилактикалық кәсіпорын болып табылады.

11. Кәсіпорын қызметінің мақсаттары Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында медициналық көмек көрсету болып табылады, оған мыналар енеді:

1) жедел медициналық көмек көрсету;

2) амбулаториялық-емханалық көмек көрсету, ол:

медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының, бейінді мамандардың жолдамасы бойынша, сондай-ақ өздігінен жүгінгенде консультациялық-диагностикалық көмек;

3) уәкілетті орган айқындайтын ауруханаға жатқызу жағдайларының жоспарланатын саны (шекті көлемі) аясында медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша, шұғыл көрсеткіштер бойынша - жолдаманың болу-болмауына қарамастан стационарлық медициналық көмек көрсету;

4) медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету, сондай-ақ өздігінен қаралу;

5) қалпына келтіру емін көрсету және медициналық оңалту;

6) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында медициналық көмек көрсету үшін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету:

жедел, стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету кезінде - медициналық ұйымдармен бекітілген және белгіленген тәртіпте уәкілетті органмен келісілген дәрілік формулярларға сәйкес;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасымен рұқсат етілген тәртіпте қабылданатын медициналық көмектің қосымша түрлері;

8) салауатты өмір салтын насихаттау.

9) фармацевтикалық көмекті дәрілік заттардың айналымы саласындағы заңнамамен айқындалған тәртіпте көрсету.

10) шығы қызмет түрлерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес көрсету.

12. Кәсіпорын қойылған мақсатты іске асыру үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) медициналық көмек;
- 2) диагностика: зертханалық, ультрадыбыстық, рентгенологиялық, функционалдық, эндоскопиялық, патологоанатомиялық, радиологиялық;
- 3) қан және оның компоненттерін іске асыру және сақтау саласындағы қызмет;
- 4) қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы қызмет;
- 5) денсаулық сақтау саласында сараптама жүргізу;
- 6) денсаулық сақтау саласында білім беру қызметі;
- 7) фармацевтикалық қызмет: дәрілік препараттарды дайындау, дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу.

13. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

14. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

15. Басшының Кәсіпорынның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылады, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

16. Жергілікті атқарушы орган:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;
- 3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;
- 4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

17. Тиісті саланың уәкілетті органы:

- 1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (көрсетелін қызметтерінің) міндетті көлемін айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі ~~жоспарды~~ қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және ~~жоспарды~~ жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкінің пайдаланылуын және сақталуын бақылауды ~~жоспарды~~ қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкінің есебін ұйымдастырады, оның тиімді ~~пайдаланылуын~~ қамтамасыз етеді.

18. Кәсіпорынның басқару органдары оның басшысы (директоры), сондай-ақ Жарғының 6-бөлімінде көзделген жағдайларда байқау кеңесі болып табылады.

19. Басшыны (директорды) тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен (директор) еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының (директор) жауапкершілігі айқындалады.

21. Кәсіпорынның басшысы (директор) қаржы-шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін дербес жауапты болады.

22. Кәсіпорынның басшысы (директор) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады, сондай-ақ ерлер мен әйелдердің тең құқығы мен мүмкіндігінің мемлекеттік кепілі туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді.

23. Басшы (директор) дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын оның құзыретіне сәйкес Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

24. Кәсіпорынның басшысы (директоры):

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан

Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе
 оларды қоспағанда);

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу
 нысанына, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін,
 Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас
 бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін
 белгілейді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен
 босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы
 қызметкерлерінің құзыретін белгілейді.

5. Кәсіпорынның құқықтары мен міндеттері

25. Кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыру үшін мыналарға құқылы:

1) мүлік (ғимарат, үймерет, жабдық және Кәсіпорынның басқа да
 негізгі қоры) мәмілесінен алынатын ақшалай қаражатты пайдалануға;

2) оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген, негізгі қорға
 жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес иелік етуге;

3) тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне және міндетті
 әлеуметтік медициналық сақтандыруға кірмейтін ақылы медициналық
 қызмет көрсетуге;

4) Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерде қызметі
 заңнамамен регламенттелетін шарттар (келісімшарттар) жасауға және
 Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған кез
 келген шаруашылық қызмет түрін жүргізуге;

5) кәсіпорынның мемлекеттік тапсырыстан тыс өндіретін және
 өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағасын өздігінен
 белгілеуге.

26. Кәсіпорын мыналарға міндетті:

1) осы Жарғының шарттарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің қызметін
 жүзеге асыруға;

3) салық заңнамасына сәйкес салықты және басқа да міндетті
 төлемдерді бюджетке төлеуге;

4) өз қызметі нәтижелерінің жедел бухгалтерлік есебін жүзеге асыруға
 және статистикалық есептілікті жүргізуге;

5) оған бекітілген мүлікті сақтау бойынша шаралар қабылдауға;

6) коммерциялық және мемлекеттік құпияны сақтауға;

7) жалданып жұмыс істейтін азаматтарға әлеуметтік, медициналық және
 өзге де сақтандыру түрлерін жүзеге асыруға, оларға қолданыстағы Қазақстан
 Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес еңбек жағдайларын
 қамтамасыз етуге.

6. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

27. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорында тиісті саланың уәкілетті органының ұсынысы бойынша тиісті сала уәкілетті органының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімін қоспағанда, кәсіпорынның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Кәсіпорын органы – байқау кеңесі құрылуы мүмкін.

Жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарда байқау кеңесін енгізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

28. Байқау кеңесі құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындарға қойылатын өлшемшарттарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

29. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

30. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

31. Байқау кеңесінің өкілеттігі:

1) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмекті және қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорын иелігінде қалған таза табысты бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттарымен кедергісіз танысады және тиісті саланың уәкілетті органына көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін ұсыныс енгізеді;

5) тиісті саланың уәкілетті органының Кәсіпорын басшысын (директор) тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселесі жөніндегі ұсынысын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде қосымша қаржы көздерінен Кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының (директордың), оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттілік мерзімін және жатақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

10) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына филиалдар, өкілдіктер құру және шабу туралы ұсыныстар енгізеді.

12) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

13) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының немесе алқалы атқарушы орган басшысының бос лауазымына конкурс өткізеді;

14) конкурс нәтижелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшы немесе алқалы атқарушы органның басшысы етіп тағайындауға кандидатураны ұсынады;

15) тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшымен немесе алқалы атқарушы органның басшысымен еңбек шартын бұзу туралы шешімін келіседі;

16) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату құқығына ие болады, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйлықақы беру мөлшерін және шарттарын айқындайды;

17) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындайды;

18) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекітеді;

19) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындайды;

20) Байқау кеңесінің өкілеттіктерін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органына беруге жол берілмейді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің талабы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге міндетті.

7. Кәсіпорынның мүлкі

32. Кәсіпорынның мүлкі мемлекеттік меншік құқындағы объект болып табылады.

33. Кәсіпорынның мүлкін негізгі қорлар және айналым қаражаты, сондай-ақ Кәсіпорынның жеке теңгерімінде құны көрсетілген құндылықтар құрайды.

34. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

35. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған құрылтайшы берген мүліктің;
2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен қалыптастырылады.

36. Кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген, негізгі қаражатқа жатқызылатын мүлікті беруге және оған қатысты мәміле жасауға құқығы жоқ.

37. Кәсіпорын мүлкінің құрамына ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар, мүкәммал, көлік, жер учаскесіне құқықты қоса алғанда, оның қызметіне арналған мүліктің барлық түрі кіреді.

38. Мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

39. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

40. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

41. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

42. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

43. Кәсіпорынның негізгі құралдарына жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

44. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 45,46- тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

45. Осы Жарғының 44- тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады. Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

1) шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

2) артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

46. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті атқарушы орган тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорыннан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

47. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

48. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

49. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе жергілікті атқарушы органмен өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 47-тармағында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

8. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

50. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

51. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

52. Кәсіпорын медициналық қызметтерді дербес жүзеге асырады.

53. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органның талабы бойынша Кәсіпорын белгілейді.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, босқындарға, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес ұсынылады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға мыналар кіреді:

1) тиісті саланың уәкілетті органы айқындайтын ауруханаға жатқызу жағдайларының жоспарланатын саны аясында (шекті көлем) медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының немесе медициналық ұйымының жолдамасы бойынша, шұғыл көрсеткіштер бойынша - жолдаманың болу-болмауына қарамастан берілетін стационарлық медициналық көмек;

2) медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша стационарды алмастыратын медициналық көмек;

3) амбулаториялық-емханалық көмек;

4) қалпына келтіру емі және медициналық оңалту.

Мемлекеттік тапсырыстан асыра өндірілген және іске асырылған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын Кәсіпорын дербес белгілейді.

54. Ақылы медициналық қызметтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көрсітіледі.

55. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады.

Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

9. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

56. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 562 581 993,85 (бес жүз алпыс екі миллион бес жүз сексен бір мың тоғыз жүз тоқсан үш) теңге, 85

және Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу сәтінен жергілікті атқарушы орган 100% толық қалыптастырды.

57. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық капиталға жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

10. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

58. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы (директор) бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

59. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік есептілікті, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

60. Кәсіпорын байқау кеңесімен бірге жылдық қаржылық есеп беру аудитін жүргізуге міндетті. Кәсіпорын аудиті байқау кеңесінің, басшының (директордың), жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

11. Кәсіпорынның жауапкершілігі

61. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық меншікпен жауап береді.

62. Кәсіпорын өз мүлкі иесінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

63. Құрылтайшы немесе уәкілетті органның іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайды есепке алмағанда, мемлекет Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайларда мемлекет кредиторлар талаптарын қанағаттандыру үшін соңғының қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап береді.

64. Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша заңнамалық актілермен мемлекеттің басқа жауапкершілік жағдайлары белгіленуі мүмкін.

12. Еңбек ұжымымен, тиісті саланың уәкілетті органымен және жергілікті атқарушы органмен өзара қатынас

65. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

66. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

67. Кәсіпорыны мен тиісті саланың уәкілетті органы, Кәсіпорыны мен жергілікті атқарушы органы арасындағы өзара қатынас қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындалады және реттеледі.

13. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

68. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы тұлғасында жергілікті атқарушы орган қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

69. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

70. Кәсіпорын басшысының (директорының), оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы және өзге де сыйлықақы беру жүйесін қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті саланың уәкілетті органы тұлғасында жергілікті атқарушы орган белгілейді.

14. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

71. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

72. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.


73. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

15. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

74. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті ~~құрылым~~ уәкілетті органының ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы ~~органының~~ қаулысымен енгізіледі.

Директор



Ж.Қ. Мауытова

Приложение
к постановлению акимата
Северо-Казахстанской области
от «19» февраля 2026 года
№ 38



Утвержден
постановлением акимата
Северо-Казахстанской области
от «09» августа 2021 года № 163

УСТАВ

коммунального государственного предприятия
на праве хозяйственного ведения
«Многопрофильная городская больница скорой медицинской помощи»
коммунального государственного учреждения
«Управление здравоохранения акимата
Северо-Казахстанской области»

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная городская больница скорой медицинской помощи» коммунального государственного учреждения «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области» (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно – правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

Предприятие филиалов и представительств не имеет.

2. Предприятие создано в соответствии с решением акима города Петропавловска Северо-Казахстанской области от 09 февраля 1999 года № 2518.

3. Учредителем Предприятия и органом, осуществляющим по отношению к Предприятию функции субъекта права коммунальной собственности, является акимат Северо-Казахстанской области (далее – местный исполнительный орган).

4. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является коммунальное государственное учреждение «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области» (далее – уполномоченный орган соответствующей отрасли), общее руководство деятельностью предприятия осуществляет наблюдательный совет, за исключением решения вопросов, отнесенных законодательством к исключительной компетенции уполномоченного органа соответствующей отрасли.

5. Наименование Предприятия:

на государственном языке: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Көп бейінді қалалық жедел медициналық жәрдем ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

на русском языке: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная городская больница скорой медицинской помощи» коммунального государственного учреждения «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области».

6. Местонахождение Предприятия: 150009, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, ул. Имени Тауфика Мухамед-Рахимова, 27.

2. Юридический статус Предприятия

7. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

8. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, штампы и печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

